



Түркияның Ыстамбұл қаласында әлемнің Екінші ұстазы атанған ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің мұрасына арналған халықаралық ғылыми конференция өтті. Шара аясында түсірілім жұмыстары 2014 жылы басталған «Әл-Фараби – Бір Өркениет ойшылы» атты үш бөлімді деректі фильмнің таныстырылымы да болды.

ӘЛ-ФАРАБИ ТҮЛҒАСЫ Түркияда ұлықталды



көптеген іс-шаралар жоспарланып, басталып та кетті. Осыған дейін 2014 жылы Голландия киностудиясы түсірген «Әл-Фараби – Екінші ұстаз» деректі фильмін ҚазҰУ Телерадиокешені

тұңғыш рет қазақ тіліне дубляждап, оны «Qazaqstan» ұлттық телеарнасының эфирі арқылы Қазақстан жұртшылығына таныстырды.

Жалғасы 3-бетте

QS: КазНУ вошел в топ-20 лучших вузов Восточной Европы и Центральной Азии



В международном рейтинге QS (Quacquarelli Symonds) КазНУ им. аль-Фараби, единственный из вузов Казахстана, вошел в топ-20 лучших университетов Восточной Европы и Центральной Азии в очередной раз подтвердив свою высокую конкурентоспособность в мировом научно-образовательном пространстве. В исследовании учитывались количество проводимых академических исследований вузами, а также их мировая репутация.

КазНУ занял 19-е строчку в рейтинге, всего в число 300 лучших высших учебных заведений Восточной Европы и Центральной Азии попало 25 казахстанских вузов.

<https://www.topuniversities.com/university-rankings/eeca-rankings/2019>

Жалындаған жастар мерекесі



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жыл сайын дәстүрлі түрде болатын «1-курс таланттары» байқауы биыл да өз салтанатымен өтті. Көркемөнерпаздар байқауының жеңімпаздары күні кеше Ө. Жолдасбеков сарайында өткен гала-концертте марапатталды.

«1-курс таланттары» көркемөнерпаздар байқауы – жігер оты жалындаған студент-жастарды әсерлі ән, көк нөсер күй, күмбірлеген домбыра, мың бұралған би әлемімен қауыштыратын жарқын мереке!

Эстрадалық ән, классикалық ән, дәстүрлі ән, халықтық би,

қазіргі заманауи би, жас акындар, домбырада ойнау, кобызда ойнау, пианинода ойнау, гитарада ойнау, жүргізушілер, актерлік шеберлігі номинациясы бойынша бақ сынасқан «1-курс таланттары» байқауының іріктеу кезеңіне 3000-нан аса өнерлі жастар қатысты.

Жалғасы 8-бетте

ЖОҒАРЫ БІЛІМГЕ
ЖОҒАРЫ
ТАЛАП ҚАЖЕТ

2-бет




АКАДЕМИЧЕСКАЯ
ЧЕСТНОСТЬ

3-стр.



ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
ҚАЛАЛАР КҮНІ

5-бет



БҮГІНГІ КҮННІҢ ТАЛАБЫ

ҚазҰУ-да білім беру бағдарламаларының негізгі басымдықтарын мен оны дамытудағы өзге де стратегиялық міндеттерді талқылауға арналған республикалық конференция өтті.



эр ЖОО ішкі ережелерін жасау мен карашаның басына дейін нормативтік құқықтық актілерді бекітіп, ҚР Әділет министрлігінде тіркеуді тапсырды. Оның айтуынша, «2018 жылдың 1 қыркүйегінен бастап еліміздегі 10 жоғары оқу орнында 91 білім беру бағдарламалары жүзеге асуда. Осы ретте ЖОО әртүрлі бағдарламалар мен арнайы гранттар бойынша шетелдік студенттер санын арттыру қажет. Мұнда шетелдік әріптестер және Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығымен бірлесе жұмыс жасау маңызды», — деді вице министр.

Жиын аясында халықаралық көрмелерге белсене қатысу, ЖОО-лардың шетелдерде өкілдіктерін ашу, әртүрлі әдістер қолдану

арқылы ҚР жоғары оқу орындарына шетелдік студенттерді тарту, «Болашақ» бағдарламасына қатысушы ОПК келешек жоспарын жасау, студент үйлері мен білім беру корпустарының әлемдік стандарттарға сәйкестігін қадағалау, халықаралық және шетелдік әріптестермен бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыруда бөлімшелер құру мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жетілдірудегі басқа да бағыттар бойынша ұсыныстар айтылды. Талқылау кезінде білім беру мекемелерінің басшылары Жолдауда айтылған Президент бастамаларын қолдайтынын жеткізді.

Өз тілшімізден

KAZNU.KZ

Jýrnalstika fakýltetinde IYNESKO, halyqaralyq jýrnalstika jáne qoǵammen baılanys kafedrasynyń 3 kýrs stýdentteriniń qatysyymen "Rýhanı jańǵyry" baǵdaramasy aıasynda, «QazUÝ stýdenti oqýǵa tús 100 kitap» jobasy boyınsha kýratorlyq saǵat ótken bolatyn. Toptyń kýrator-edvaizeri Musaeva Baıan Asqarqyzy, aldymen rýhanı jańǵyrydyń qazirgi jas urpaqqa qanshalyqta mańyzdy ekenine toqtala ketip, M.Áyevov shyǵarmalaryna qysqasha sholý jasap ótti.

Sandyq tehnologianıń qarqyndap damýynyń artyqshylyqtary kóp. Alaida kemshin tustary da joq emes. Solardyń biri jas urpaqta kitap oýǵa degen yntasynyń tómendeyi bolyp otyr.

Júz kitap jobasynyń jastardyń rýhanı damýyna septigin tigizeri sózsiz. Sebebi, kitap oqý arqyly adamnyń sanasy keńeyip, aqyly tolyسادy. Sabaq sońynda stýdentter pikirlerini ortaq salyp, oqıǵany qazirgi kezben sapystyryp óz oilaryn bildirdi.

QazUÝ stýdentteri Qazaqstan Respýblikasynyń Ulttyq kitaphanasyna belgili qytaitanyshy, Qazaqstannyń Qytaıdaǵy algashqy elshisi, qoǵam qairatkeri Murat Muhtaruly Áyevovpen ótken kezdesýge qatysty. Bul sharaǵa qytaitany salasyna tikeleı ne janama baılanysy bar birneshe belgili tulǵalar, memlekettik qyzmette júrgen azamattar, Qazaqstannyń jalpy ahýalyna bei-jai qaramaıtyn qoǵam qairatkerleri men kitaphana oqyrmандary, JOO-nyń stýdentteri qatysty. Shyǵystany fakýlteti qytaitany kafedrasynyń 1 kýrs stýdentteriniń edvaizeri J. Kúnbai jetekshiligimen osy kezdesýge tyúdarman bolyp qattı.

Kezdesý «Meniń ómirimdegi Qytaı» taqyrybynda ótti. Ozimni qyzmet joly men Qytaıda ótkizgen kúnderi tyraly baıandagan Murat Áyevov kezdesýge kelgen azamattardyń suraqtaryna da jaıap berip otyrdy. Odan bólek, Qazaqstandaǵy qytaitany salası boyınsha biraz máseleler kóterildi. Suraq qoyıldy, syn aıtyldy. Kezdesý sońynda Qazaqstandaǵy qytaitanydy joǵary satyǵa kóterý kerek degen sheshimge kelgen qytaitanyshy-ǵalymdar men JOO ókilderi bolashaqta birlese jumys jasaýǵa nietterin bildirdi.

Jýyrda ál-Farabi atyndaǵy QazUÝ, Shyǵystany fakýltetiniń dekanı Y.M. Paltóre myrza Almatydaǵy Pákitan Islam Respýblikasynyń biznes salasynyń ókilderi, Star Sports International kompaniasynyń bas atqaryshy direktory Habibýllah Ahtar myrza, MBA Management Prezidenti Habib Pirzada myrza, International Publishing House «Yellow Pages» marketing direktory Sarfaraz Hýssam myrzalarmen dostastyq kezdesý ótkizdi.

Kezdesý barysynda ál-Farabi atyndaǵy Qazaq ulttyq ýniversitetiniń ustanǵan ǵylymi-innovatsionalyq baǵyty, Shyǵystany fakýltetiniń jalpy jaǵdai, Tayaı Shyǵys jáne Ontústik Azia kafedrasynyń, onyń ishinde ýrdý bóliminiń jetistikteri men bolashaqtaǵy josparlary talqylandy.

Shyǵystany fakýltetiniń dekanı Y.M. Paltóre myrza ál-Farabi atyndaǵy Qazaq ulttyq ýniversiteti Qazaqstannyń kópsalaly damyǵan oqy ornındarynyń biri ekenin tilge tek etip, bilim berý baǵdarlamalary, ǵylymi jumys pen kásipkerlik negizderi boyınsha myqty ekenin jetkizdi. Jıyn sońynda pákitanidyq qonaqtar Tayaı Shyǵys jáne Ontústik Azia kafedrasynyń ustazdar quramymen tansyp, shyǵystany murajaiyn aralap, Mahatma Gandi Ortalyǵynda únditaný bóliminde bilim alyp jatqan ýrdý jáne hindi tilderin oqıtyn stýdenttermen tansyp, shaǵyn dóńgelek ústel ótkizdi.

Kezdesýdiń basty maqsaty Almatydaǵy Pákitan Islam Respýblikasynyń biznes salasynyń ókilderi tarapynan ýrdý tilin oqyp úrenýge qolday kórsetip, sonymen qatar keleshekte bilim, ǵylym jáne mádeni salalarynda yntymaqtastyqta arttyrý úshin ortaq is-sharalardy júzege asyry bolyp tabylady.

Jýyrda ál-Farabi atyndaǵy Qazaq ulttyq ýniversiteti Shyǵystany fakýlteti únditaný bóliminiń stýdentteri Qazaqstandaǵy Pákitan biznes forýmı uymdastyrǵan algashqy Pákitandyq qysqy kórmege qatysty. Bul kórmede Almaty qalasyndaǵy «Pákitan Ulttyq Bankı» AQ ókilderi, bank tóraqasy Rafik Mýhammad, orynbasarlary Hýsseın Arif, Artykbekov Talgat Kalmýhametovich, Qazaqstandaǵy Pákitan Islam Respýblikasy Elshiliginiń ókili Basıt Salm Shah qonaq retinde kelip, kórmeniń ashlyly saltanatynyń tusaıyn kesti.

Resmi túrde ashlyly saltanatynyń tusaıyn kesilgen soń negizgi uymdastyryshalar Pákitan biznes forýmı ókilderi «Star Sports International» kompaniasynyń bas atqaryshy direktory Habibýllah Ahtar myrza, MBA Management Prezidenti Habib Pirzada myrza, International Publishing House «Yellow Pages» marketing direktory Sarfaraz Hýssam algysóz kezegimen is-sharany ashty. Merekeni atap óty barysynda únditaný bóliminiń stýdentteri Pákitan Islam Respýblikasynyń ulttyq kiimder úlgisin kórsetip, feshn-shoı qoidy, únditaný bóliminiń ustazy ýrdý jáne parsy tilinde qalam kergen ulı aqyn Mirza Galibtiń ǵazalin oqyp, kelgen qonaqtardyń yqylasyna bölendi.

Is-sharany uymdastyrydyń nátjesinde Almatydaǵy Pákitan Islam Respýblikasynyń biznes salasynyń ókilderi, «Pákitan Ulttyq Bankı» AQ, Pákitan Islam Respýblikasy Elshiliginiń ókilderimen ýrdý tilin oqytur-úirety men qatar damyty boyınsha keleshekte bilim-ǵylym jáne mádeniet salasındaǵy yntymaqtastyqta arttyrý úshin ortaq is-sharalardy júzege asyry josparlary jasalyndy.

Білімді жаңарту – БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ



«Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды қажет етеді. Осы ретте кафедра АҚШ, Оңтүстік Корея, Испания, Түркия, Қытай, Финляндия, Ресей сынды мемлекеттердің жетекші университеттерімен әріптестік орнатып, профессорларымен бірлесе жұмыс жасайды. Алдағы уақытта кафедра серіктестік орнатқан университеттермен биология, биотехнология, биофизика және биомедицина салалары бойынша шетелдік әріптестермен бірлесе білім беру бағдарламаларын әзірлеуді қолға алмақшы», — деді менгеруші.

География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының менгерушісі Гүлнәр Нүсіпова білім беру бағдарламалары бойынша жоспарланған тапсырмалардың орындалу барысына тоқталып, барлық бағыттардың көрсеткіштеріне және биылғы жылы жоспардағы оқу-әдістемелік жұмыс, халықаралық ғылыми білім беру қызметі, ғылыми-зерттеу және жаңартылған бағдарламалар бағыттарындағы негізгі

мәселелерге баса назар салды.

Қазіргі кезеңде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Білім беру парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойып отырған міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды менгеру бүгінгі күннің талабы дейді мәжіліске қатысушылар. Білім берудің халықаралық стандарттары, оқытудың заманауи методикасы, кәсіби ағылшын тілі, тәжірибе алмасу және тағылымдамадан өтуде жаңартылған бағдарламалар туралы баяндама жасаған басқа да кафедра менгерушілері болашақта кафедралардың белсенділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын ұсынып, жиын соңында өзге де өзекті мәселелер кеңінен талқыға түсті.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

РЕКТОРАТ

Білім беру жүйесін жаңғырту – адами капиталдың сапалы өсуінің басты бағыты. Сондықтан да білім мен ғылым саласындағы елеулі өзгерістер жиырма бірінші ғасырда әрбір азамат жетістікке жету үшін қажетті білім мен дағдылардың жаңаша жолдарын меңгеруді қажет етеді. Білім беру жүйесін жаңа заман талабына сай дамыту мақсатына арналған кезекті ректорат мәжілісі білім беру бағдарламаларын жаңғырту тақырыбына арналды.

Мінбеге шыққан оқу жұмысы жөніндегі проректор Асқар Құсыпбекұлы «Бүгінде дамыған елдердегі білім беру жүйесіндегі ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Болашақ білікті маман даярлайтын оқу орны ретінде біздің басты міндетіміздің бірі – жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Құзірет – оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығы. Құзіреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзіреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін қолдануды талап етеді. Осы ретте біз оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе алмасу, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, топта жеке және жұппен жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді болашақ жас маманға үйрету арқылы жаңартылған білім берудің маңыздылығын айқындаймыз», — деді проректор. Сондай-ақ ол барлық факультет декандары мен кафедра менгерушілеріне жұмыс берушілердің талаптарына және кәсіби стандарттарға сай жаңартылған білім беру бағдарламаларын құрастыру мен университеттің ішкі ережелерін, нормативтік құқықтық актілерін, және өндірістік кәсіпорындарда университеттің кафедраларын ашу бойынша өнеркәсіп орындарымен келісім жасасуды тапсырды.

Биофизика және биомедицина кафедрасының менгерушісі Сұлтан Төлеуханов

В Стамбуле (Турция) прошла презентация фильма и научная конференция, посвященные наследию великого мыслителя Востока Абу Насра Аль-Фараби

ӘЛ-ФАРАБИ ТҰЛҒАСЫ ТҮРКИЯДА ҰЛЫҚТАЛДЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Сондай-ақ, әл-Фарабидің рухани ілімін кеңінен насихаттайтын қазақстандық фильмнің түсіру жұмыстарын ҚазҰУ бастап кеткенін ерекше атап өткен жөн. Әл-Фараби жайлы жаңа отандық деректі фильмнің түсірілім жұмыстары Түркия жерінде де жалғасуда.

Іссапар аясында ҚазҰУ ректоры Ғ.Мұтанов бастаған делегация проректор Мехмет Арслан, деректі кино шебері Сергей Азимов, Шығыстану факультеті Түркіой кафедрасының меңгерушісі Төрәлі Қыдыр бастаған топ дүниежүзіне әйгілі Сүлеймание кітапханасына арнайы ат басын бұрды. Аталған кітапханада Әбу Насыр әл-Фарабидің бірқатар мұрасы сақталған. Мысалы, Фараби тахаллусымен (нысыпысымен) қалам тербеген ғалымдардың 300-ге жуық қолжазбасын көруге болады. Солардың ішінде «Екінші ұстаз» аталған Әбу Насыр әл-Фарабидің 40-қа жуық еңбегі бар. Олар негізінен, философия, этика, логика, музыка мәселелерін қамтиды.

«Мемлекеттік саясат пен таңдау этикасын бағалап зерделеу» атты қолжазба еңбегі араб тілінде жазылған.

Шығармада философия, мемлекеттегі саяси мәселелер мен көркем ахлақ негіздері қарастырылған (архив нөмері 34 Ға 1228). Қолжазбаны көшірген Дәуіт ибн Фарис. Ғижра жыл санағы бойынша 863 жыл (XV ғ.). Бұл еңбек Фазыл Ахмет Паша қорында сақталған. Кітап (көшіруші) туралы мәлімет жазылмаған. Көлемі 206 бет.

«Музыка өнеріне кіріспе» атты музыка теориясына қатысты араб тілінде жазылған қолжазба (архив нөмері 34 Ға 953). Қолжазбаны көшірген Әли ибн Рустем. Ғижра жыл санағы бойынша 654 жылы жазылған (XIII ғ.). Бұл қолжазба Фазыл Ахмет Паша қорында сақтаулы тұр. Көлемі 167 бет.

«Мәселелер көздері» атты Шығыс философиясына арналған қолжазба араб тілінде жазылған (архив нөмері: 34 Ға 1604/3). Қолжазбаны көшіруші туралы және қай жылы көшірілгені жайында мәлімет берілмеген. Алайда қағаздың сапасына қарағанда XIV ғасырға тиесілі деп бағалауға болады. Бұл мажмуа, яғни жинақ болғандықтан да, мұнда Әбу Насыр әл-Фараби трактатымен бірге осы салада



қалам тербеген басқа да ғалымдардың еңбектері орын алған. 72 беттен тұратын қолжазбаның 60-72 беттерінде әл-Фарабидің Шығыс философиясына қатысты ойлары қамтылған. Бұл құнды қолжазба да кітапхананың Фазыл Ахмет Паша қорында сақтаулы.

Кешеннің басшысы Құсайын Қутан мен кітапхана басшысы және сондағы жазба жұмыстар сарапшысы Мендерес Уәлиоғлы мырзалардың арқасында Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың үш түрлі қолжазбасының XVI ғасырға жататын көшірме кітабын өз көзімізбен көріп, қолымыздың ұшын тигізуге мүмкіндік алдық. Бізге қол ұшын берген Ыстамбұлдағы әл-Фараби ғылыми орталығының басшысы Абдуллах Қызылжық мырзаға зор алғыс білдіреміз. Баға жетпес үш қолжазба кітаптың әрқайсысы жайлы Мендерес мырза қысқа да нұсқа әңгімелеп берді.

Ұлы ойшылдың 2020 жылғы мерейтойы қарсаңында жарық көретін деректі фильмнің түсірілімдері елімізде аяқталып, Түркия жерінде жалғасуда. Бұл кітаптар бейнефильмге тұңғыш рет шығарылып тұр екен, себебі бабамыздан бізге жеткен көне мұра болғандықтан, ашық қолмен ұстауға да

рұқсат етілмей, көздің қарашығындай сақтайды екен.

Бағалы олжа университет ректоры, академик Ғалым Мұтанұлы бастаған, ғылыми сарапшы Жакыпбек Алтайұлы қостаған, танымал режиссер Сергей Азимов түсіріп жатқан деректі фильмнің құнын арттыра түсетіні сөзсіз.

ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов бастаған делегация Ыстамбұл қаласындағы Түркі әлемі халықтарының мәдени қалашығын, «Рапогата 1453» тарихи музейін де тамашалап, тарихына үніліп қайтты.

Іссапар барысында Ыстамбұл университеті мен әл-Фараби Еуразиялық ғылыми-зерттеу орталығының тыныс тіршілігімен танысып, әріптестіктің одан ары қарайда дами түсетіндігіне сенім білдірдік. Жалпы қорыта айтқанда, Ыстамбұл қаласына жасалған осы жолғы сапар өте жемісті болды деуге толық негіз бар.

Дәурен МҰХАМЕДЖАНОВ,
журналистика факультетінің
аға оқытушысы
Алматы - Ыстамбұл - Алматы



АКАДЕМИЧЕСКАЯ ЧЕСТНОСТЬ



Вопросы Ассоциации высших учебных заведений «Лига академической честности» обсуждались в КазНУ с участием вице-министра МОН РК Асхатом Аймагамбетовым и ректоров вузов.

Открывая работу конференции, вице-министр отметил, что МОН РК и высшие учебные заведения, реализуя задачи Послания Главы государства, поэтапно переходят к академической и управленческой самостоятельности. Получение таких широких полномочий должно сопровождаться ростом ответственности и созданием институтов саморегулирования вузов. В результате

работы в данном направлении 24 вуза, объединившись, создали и зарегистрировали «Лигу академической честности». В мировой практике подобные ассоциации созданы в США, Великобритании, КНР, Австралии и других странах.

В основных принципах Лиги прописаны требования к качеству преподавания, обеспечения прозрачных процедур приема студентов, найма на работу, оценки результатов обучения, проверки письменных работ на антиплагиат. По мнению экспертов, все эти меры, включая другие системные механизмы, будут способствовать дальнейшему развитию системы высшего образования.

Во время работы конференции был сделан особый акцент на дальнейшее развитие работы Ассоциации вузов «Лига академической честности». Были обсуждены план работы на 2019 год, состав и условия вступления, приобретение программного обеспечения проверки на плагиат «Turnitin», совершенствование политики академической честности в вузах и многое другое. Предложения и мнения были озвучены ректором КазНУ Г.Мутановым, проректором по академической работе и науке КазГЮА М.Дауленовым, вице-проректором по академическим делам Назарбаев Университета Лоуреттой О' Донеллой и др.

Пресс-служба

Заседание ОИС в КазНУ



12-14 ноября 2018 года в КазНУ им. аль-Фараби состоится ориентационная программа для дипломатов государств-членов Организация Исламского Сотрудничества (ОИС) «Транснациональные угрозы, терроризм и проблемы безопасности».

Организаторами мероприятия являются Генеральный секретариат ОИС, Министерство иностранных дел РК и КазНУ им. аль-Фараби. В работе ориентационной программы примут участие дипломаты из государств-членов ОИС, представители дипломатического корпуса зарубежных стран в Казахстане, видные ученые и эксперты.

Мероприятие станет диалоговой площадкой по обсуждению актуальных вопросов противодействия терроризму и радикализации общества, разработке совместных стратегий и мер, обмена передовым опытом в области обеспечения безопасности, прав человека и верховенства закона. Участники встречи смогут подробно ознакомиться с политикой и ролью ОИС в борьбе с терроризмом, новыми тенденциями и программами в этом направлении.

Являясь Глобальным хабом программы ООН «Академическое влияние», КазНУ им. аль-Фараби активно участвует в реализации целей устойчивого развития, одной из которых является борьба с терроризмом. Университет уделяет особое внимание инициативам и программам международных организаций, деятельность которых направлена на обеспечение безопасности в глобальном мире и устойчивое развитие человечества.

Соб. корр.

Лоррейн университетінің (Франция) профессоры Стефан Юрьянц биология факультетінің студенттеріне арнайы дәріс өткізді

ТЕХНОЛОГИИ КАЗНУ В ПРОИЗВОДСТВО

31 октября в поселке Боралдай Илийского района Алматинской области состоялось знаменательное и радостное событие – состоялся запуск опытно-промышленного производства полиэфирных смол. Технологию разработанную учеными КазНУ внедрили в производство.

и научно-технической деятельности. Это первое в стране предприятие по изготовлению ненасыщенной полиэфирной смолы, которая по цене на 15-20% ниже чем импортная. Казахстанские производители композитных материалов получают доступное и качественное сырье», - отметил президент АО «Фонд науки» МОН РК Ануарбек Султангазин на церемонии открытия.

По словам руководителя проекта Галии Ирмухаметовой, полиэфирная смола производится на основе ангидридов, полиоли, стирола и акрилатов, обладающих улучшенными физико-механическими характеристиками.

«Большую часть полиэфирных смол с учетом потребности и специфики заказчика



Целью запуска опытно-промышленного комплекса получения полиэфирных смол специального назначения для производства различных композиционных и других материалов. Проект реализуется при финансовой поддержке АО «Фонд науки» с участием частного партнёра ТОО «ВАСТЕ». Разработчиками технологии являются ученые ДГП НИИ Новых химических технологий и материалов КазНУ.

«Совместная работа с КазНУ и ТОО «ВАСТЕ» направлена на коммерциализацию результатов научной

мы применяем в производстве различных композиционных и строительных материалов, стеклопластиков, искусственного камня, емкостей, труб, бассейнов, водных аттракционов, кузовных деталей автомобиля, фасадных элементов и радиоэкранирующих комплектов», - подчеркнул начальник участка ТОО «ВАСТЕ» Болат Байжанов.

В первом квартале 2019 года запланирован запуск производства на основном технологическом оборудовании, а также аттестация лаборатории по контролю качества продукции. После выхода на полную мощность предприятие будет выпускать до 300 тонн продукции в год.

Соб. корр.

Алматинская область



ПОСЛАНИЕ

ПРИОРИТЕТЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

В Послании Президента Н.А. Назарбаева «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни» четко обозначены приоритеты социально-экономического развития страны на ближайшую перспективу. Их успешная реализация позволит приблизить нас к цели формирования новой модели экономического роста и обеспечения глобальной конкурентоспособности Казахстана.



необходимости повышения качества образования на всех его ступенях – от

дошкольного до высшего. При этом им предложено абсолютно новаторское решение данной проблемы. Оно состоит в смещении акцентов в сторону модели 4К: развитие креативности, критического мышления, коммуникабельности и умения работать в команде.

Много внимания уделено вопросам дальнейшего совершенствования системы высшего образования, прежде всего, через повышение качества подготовки обучающихся. Не секрет, что часть выпускников университетов, включая обучавшихся по государственному гранту, остается не трудоустроенной. Поэтому абсолютно справедливо Глава государства ставит вопрос о том, что успешность любого вуза должна определяться степенью трудоустройства его выпускников, причем на высокооплачиваемую работу. С этим вопросом неразрывно связано его указание на необходимость проведения политики по

укрупнению вузов.

В Послании озвучено весьма важное решение о необходимости создания на базе имеющейся образовательной инфраструктуры нового регионального вуза по примеру Назарбаев Университета.

Перед нами стоят задачи государственной важности. И от того как они будут выполнены зависит будущее нашей страны и многих поколений. Профессорско-преподавательский состав, сотрудники, студенты, магистранты и докторанты кафедры менеджмента и маркетинга с большим энтузиазмом восприняли Послание Президента страны и приложат все усилия для успешного претворения в жизнь вытекающих из него установок.

Жумабек ТУМБАЙ,

к.э.н., доцент кафедры менеджмента и маркетинга ВШЭиБ

Особенностью Послания является то, что в нём значительное место уделено вопросам образования. Именно с ним Глава государства связывает развитие, благополучие и будущее народа. В течение 5 лет расходы на социальные нужды, включая образование и науку, из всех источников вырастут до 10% от ВВП.

Далее, Президент делает акцент на

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚАЛАЛАР КҮНІ

ҚазҰУ-да «Дүниежүзілік қалалар күнін мерекелеу: тұрақты даму және өміршең қалалар мүддесіндегі серіктестік» тақырыбында халықаралық семинар өтті.

Семинардың басты мақсаты — Пан Ги Мун атындағы тұрақтылық бойынша институты және Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Жаһандық ғылыми ықпал ету орталығы, БҰҰ Жаңа Жібек жолы моделімен, «Жасыл көпір ұрпақтан-ұрпаққа» бағдарламасы, тұрақтылық мәселелері бойынша UNESCO Chair және «журналистік клубтың Альма-матері», Біріккен Ұлттар Ұйымы тарапынан қалалар дамуының жаңа күн тәртібін орындауға әлем қалаларының мәселелеріне назар аудару болып табылады.

Биылғы жылы БҰҰ таңдаған дүниежүзілік қалалар күнінің тақырыбы жаһандық даму және әлеуметтік мәселе ретінде урбанизацияға назар аударуға бағытталған.

Сөз алған ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев "БҰҰ-ның бұл бастамасы біздің қалаларымызда жаңа формацияларды дамыту үшін үлкен әлеуетке ие. Соның ішінде жаңа қызметтерге және жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы адам ресурстарын барынша жұмылдыру қажет", - деп атап өтті.

Сондай-ақ ол аталмыш бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстың маңызды аспектісіне тоқталып, «Al-Farabi university smart city» жобасын дамыту бойынша ҚР ҰҒА академиясының (The World Academy of Art and Science) мүшесі, ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов БҰҰ Өркениеттер Альянсының Жаһандық форумында көтерген тақырыпқа назар аударды.

Шараға БҰҰ-ның Нью-Йорктегі штаб пәтерінен қоғамдық ақпарат департаментінің ақпараттық-насихаттау қызметі бөлімінде және UNAI жаһандық желісінің басшысы болып табылатын директордың серіктестік және қоғамның қатысуы мәселелері жөніндегі орынбасары Раму Дамодаран сөз алып, әл-Фарабидің рухани-адамгершілік құндылықтары мен мейірімді қоғам құрудың бейбіт жолы бойынша БҰҰ-ның бастамасын ілгерілетуде маңызды рөл атқарғанын атап өтті.

Пан Ги Мун атындағы Тұрақты даму институтының директоры Рафис Абазовтың айтуынша, «Ақылды қалаларды дамыту бойынша жобалардың негізі



шығыс ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қоғам» идеясынан алынды. Бүгінде студенттер бұл идеяны жалғастырушы. Семинарда талқыланған өзекті мәселелер бойынша біз қаланы жақсарту бойынша жобаларды ұсыну бойынша шешім қабылдайтынымызға сенімдімін», — деді профессор Р. Абазов.

Аталмыш семинарға Алматы қаласының жоғары оқу орындарының басшылығы мен студенттері қатысып, олар ақылды және

тұрақты қалалардың концепцияларын, сол концепцияға жаңа тәсілдерді, цифрландыру, жасанды интеллекті дамыту және әлеуметтік медианы әлемдегі дамушы елдерде, яғни Қазақстан мен Орталық Азия аймағындағы қалаларды басқаруға одан әрі ықпалдастыру салдарын кеңінен талқыға салды. Шара соңында ұйымдастырушылар белсенді қатысушыларға алғыс білдірді.

Өз тілшімізден

НОВЫЕ ПАРТНЕРЫ



КазНУ им. аль-Фараби и Университет Тайбэй в ближайшем будущем проведут совместную летнюю школу для студентов и магистрантов двух вузов. Такое соглашение было озвучено во время встречи первого проректора КазНУ Мухамбетқали Буркитбаева и президента Университета Тайбэй г-жи Хсиа Лин Тай.

Приветствуя делегацию из Азиатско-Тихоокеанского региона, первый проректор ознакомил гостей с научно-образовательной деятельностью университета, его достижениями в мировых рейтингах и перспективами на ближайшее будущее. Он отметил, что КазНУ сотрудничает с более 400 крупнейшими вузами мира и является членом Международной, Европейской и Евразийской Ассоциаций, Всемирного консорциума университетов и других объединений. В ходе выступления гости также были проинформированы об участии в работе Альянса университетов

Шелкового пути и 30 программах «Эрасмус +».

В свою очередь, госпожа Хсиа Лин Тай поблагодарила за радушный прием и выразила уверенность, что их визит станет началом плодотворных дружеских отношений между вузами. Она отметила, что впечатлена масштабом кампуса КазНУ, научным потенциалом и цифровыми новациями, подчеркнув заинтересованность в реализации совместных научных проектов и развитии академической мобильности.

Пресс-служба

ERASMUS + СЕМИНАРЫ

ҚазҰУ-да Еуропалық Одақтың ERASMUS + жоғары білім беру саласындағы жобалық әлеуетін арттыру (CBHE) DIREKT бойынша семинар тренинг өтті.

Шараның ашылуында ҚазҰУ-дың технологиялық өркендеуге бағытталып бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев білім беру жүйесінің трансформациялануына ерекше тоқталды. Өндірістен кол үзбей оқу мен ғылыми Себебі, бұл сала қоғамдағы құрылымдық өзгерістерге, ақпараттандырудың жүріс-тұрысына, заманауи дамуға білімнің артуы сияқты көптеген механизмдер мен талаптардың өрісіне байланысты. Сондай-ақ «жаһандану дәуірінде ақпараттық ресурстардың рөлі өте маңызды. Бүгінде студент, профессорлар мен жас ғалымдар ғылыми зерттеулермен айналысу барысында тиісті материалды таңдап, сандық ақпарат әлемінде плагиаттықтан аулақ болуы шарт. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кітапханасы заманауи талаптарға сай жауап беретін академиялық жетілдіру мен техникалық дамуға, заманауи талаптарға жауап беретін

Жүзеге асырылатын шараның мақсаты — жобаны іске асыру сатыларының кезеңдерін бақылау, оның әсері мен тұрақтылығын, мақұлданған жобаның тиімділігін және нәтижелерін арнайы стратегияға сәйкес жетістіктерді талқылау. Бұл шара 2018-2019 жылдарға арналған жобалық бағдарламаның негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Баспасөз қызметі



Тайбэй университетінің делегациясы арнайы сапармен ҚазҰУ-да болып қайтты

Орталық өкілдерімен кездесу

Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының қолдауымен шығыстану факультетінде «Ариана ауған орталығы» қоғамдық бірлестігі өкілдерімен кездесу өтті.



2009 жылдан бері «Ариана» білім мен мәдениетке қатысты істермен және Қазақстан аумағындағы ауған диаспорасы өкілдеріне заңдық және құқықтық көмек көрсетумен айналысып келеді. Бұл кездесудің модераторы белгілі журналист, мәдениеттанушы Бердалы Оспан болды.

«Ариана» орталығының төрағасы Ахмадулла Восток өз сөзінде Н.Ә. Назарбаевтың екі халық арасындағы достық, бейбітшілік пен өзара түсіністікті қолдаудағы маңызды рөлін атап өтті. Атап айтсақ, Қазақстан Ауғанстанмен кеден салығынсыз сауда жасауға мүмкіндік тудырды. Бұдан басқа, Ахмадулла Восток Н.Ә. Назарбаевқа ауған жастарын оқытуға 50 млн АҚШ долларын бөлгені үшін алғыс айтты, осы қаржының көмегімен 2010 жылдан бері 1000 студент білім алған және қазіргі күннің өзінде де Ауғанстаннан келген 30 жас дәріс алып жатыр. Осы орайда кездесуге қатысып отырған тарих, археология және этнология факультетінің студенттері оқу тәжірибесі шеңберінде елдің тарихи жәдігерлерін тереңірек зерттеу үшін Ауғанстанға бару мүмкіндіктері туралы сұрады. Шығыстану факультеті тарапынан да бұл

мәселе студенттер мен шығыстану факультеті ирантану орталығының менгерушісі Ғ.Т. Жумадилованың қолдауына ие болып, «Ариана ауған орталығы» қоғамдық бірлестігі өкілдеріне ауызша келісімдерді ресми түрде бекітіп, шығыстану факультетімен әріптестік туралы меморандумға қол қоюға ұсыныс жасалды.

«Ауғанстанның ең үлкен университеті – Кабул университетінің АҚШ пен Еуропа елдерінің қолдауының арқасында қомақты бюджеті бар. Менің ойымша, егер ҚазҰУ-дың проректоры бастама көтерсе, Кабул университетімен келісімге келіп, әріптестік туралы меморандумға қол жеткізуге болады» - деді «Ариана ауған орталығы» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Азизи Рахимулло Азизулло.

Бұл кездесу Ауғанстанның Қазақстандағы білім беру жүйесімен әріптестікке дайын екендігін, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың зерттеу географиясының кеңейгенінің оң нәтижесін толығымен көрсетті.

Шығыстану факультеті

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

ҚазҰУ-да Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының негізінде мәнді де, мағыналы жұмыстар жасалып келеді. Бұл тұрғыда университет оқытушылары еліміздің ұлттық білім беру жүйесінде қолданып келе жатқан «Қазақстандық патриотизм» ұғымына ерекше мән беруде. Осы арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, туған өлке туралы түсініктер оқу-тәрбие үрдісінде, сабақтан тыс іс-шараларда Отансүйгіштік сезімді дамытуға, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу сияқты сезімдерді жастар бойында қалыптастыру жүзеге асырылып отыр.

Елбасы кез келген жаңғырудың ең алдымен ұлттық болмысқа, дәстүрдің замана сынынан сүрінбей өткен озығына негізделуін анықтап көрсеткен болатын. Күні кеше ғана тарих, археология және этнология факультетінің ұжымы өткізген кездесуде осы мәселелер әңгіме арқауына айналды. Кездесу қонағы болған қазақ журналистикасының майталманы, «Сүйінбай мен Қатаған» айтысын жаңғыртушы, «Құрмет» орденінің, «Ақпарат саласының үздігі» сыйлығының лауреаты, Қазақ радиосының ардагері Қойшығұл Мұстафаұлы студенттерге елдің рухани дүниесі, әсіресе кең-байтақ өлкемізді жылдар бойы жаудан қорғаған тарихи тұлғалар туралы кеңінен сөз қозғады.

Қойшығұл Мұстафаұлы Төле би атамыздың қазақ-жонғар қатынастарындағы рөлі, Абылай ханның кеңесшісі Бұхар жыраудың Абылайханға айтқан мадағы, сынды құнды дүниелермен бөлісіп, тіпті олардың жырлары мен өсиеттерін айтып берді.

Сондай-ақ Қойшығұл Мұстафаұлы қазақ-қырғыз қатынасын реттеуде аса маңызға ие болған «Сүйінбай мен Қатаған» арасында болған айтысты жырлап өтті. Әсіресе бұл жыр студенттерге ерекше әсер сыйлады. Халықтың рухани құндылығының маңызын түсінген студенттер қонаққа сұрақтар қойып, ұйымдастырушылардан кездесудің алда да жалғасуын сұрады.

Ұрпақ санасын рухани жаңғыртуға Қойшығұл Мұстафаұлы сынды тұлғаларды жас буынмен кездестіріп, қазақтың өткенін тарихи жыр-дастандармен сусындату қажет екендігін байқадық. Сол себепті де жас буын өкілдері халықтың игі дәстүрінен тәлім алып, елжандылық, патриоттық қасиеттерді бойына сіңіріп өсу үшін нақ осындай кездесулердің маңыздылығы зор деп білеміз.

Г. АБИКЕНОВА,

Қазақстан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к.



ТУҒАН ЖЕРІМ – ҚАЗАҚСТАН!

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселесі мен қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру мәселесіне арналған жолдауда жастардың мәселесіне көп көңіл бөлінді. Жолдауда жастарды инновациялық технологияны игертуге, оны ЖОО-да кеңінен дамыта отырып зерттеу жобаларын жасауға тарту көзделгені қуантады. Еліміздегі мұғалімдердің мөртөбесі туралы заңды қабылдап, білім сапасын жақсартуға ерекше басымдық берілетіні айтылды.

Жоғары оқу орнына талап пен сапаны күшейте отырып жас мамандарды нарықта жұмыспен қамтуды және сапасын жақсартуды басымдықта жүргізу керек, сол арқылы жастардың ел экономикасына қосатын үлесіне кеңінен тоқталғаны орынды мәселе екені бүгінгі күннің еншісінде.

Ғылымға ЖІӨ 10 пайызын бөле отырып ғылымды дамыту арқылы жастарды ғылымға кеңінен тартуға мүмкіндік арта береді. Бұл еліміздегі білім мен ғылымның көшбасшы жоғары оқу орны әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің алдына үлкен міндеттер жүктейтіні белгілі.

Осы мақсатта география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасы «Қазақстанның киелі жерлер географиясын» жалғастыра отырып төмендегі жұмыстарға басымдық береді:

– «Өз жерінді танып біл», «Ауыл ел бесігі» бағдарламалары бойынша дипломдық жұмыстар жасатып, жастарды ғылымға баулу; – Елімізде 2019 жылы «Жастар жылы»

жариялануына байланысты жастарды білім мен ғылым саласында жетістіктерге жеткізу;

– Кафедрадағы студент жастарға әлеуметтік көмектер көрсету;

– «Өз жерінді танып біл», «Ауыл ел бесігі» бойынша кафедрадағы үйірмелерде баяндамалар жасату;

– Кәсіптік бағдар беру бойынша ауыл мектептерімен байланыстар орнатып мамандықтар туралы және ғылым жайында түсініктер беріп көмек көрсету.

«Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты екені бүгінгі Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың жолдаған жолдауынан тағы бір айқын көрініс тауып өзінің өміршендігін көрсетті. Бұл жолдау әсіресе жастарға қанат бітіретіні сөзсіз. Сондықтан Жастар жылына жарқын жетістікпен жетейік.

Ә. МЫЛҚАЙДАРОВ,

география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының доценті, г.ғ.к.

Философтар мерекесі

Әр жылдың қараша айындағы үшінші аптасының бейсенбісі Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы (ЮНЕСКО) шешімімен Бүкіләлемдік философия күні деп аталады. Философтардың төл мерекесі жыл сайын әлем болып тойланады.



Бұл күн тұңғыш рет 2002 жылы 21 қарашада тойланған болатын. Биылғы Бүкіләлемдік философия күні 15 қараша күніне тура келеді.

Философия — адамзат баласының сонау ықылым заманнан басталған білімі, қоғамдық сананың формасы, болмыс пен танымның жалпы заңдылықтары туралы ілім. Кез-келген адамды әлем, қоршаған орта, қоғам, дін, діл, білім, саясат, мәдениет секілді мәселелер бейжай қалдырмайтыны айдан анық. Міне, осы іспеттес мәселелер философия пәнінің негізгі қарастыратын бөлімдері болып табылады. Философия сөзі грек тілінен аударғанда -

даналыққа деген махаббат мағынасын білдіреді. Б.з.д. VII-VI ғ.ғ. Ежелгі Үндістан, Қытай және Грекия жерлерінде бір уақытта пайда болады. Деректерге сүйенсек, «философия» терминін алғаш қолданған Антика дәуірінің атақты пәлсапашысы (философы) және математигі Пифагор.

Жыл сайын ҚазҰУ-дың философия кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы бастаған топ мерекені студент, магистрант, докторанттары болып ерекше атап өтеді. Әр жылдары ғылыми конференциялар мен симпозиумдар өткізіліп тұрады. Биыл да жалғасын тапқалы отыр. Мұндай шараның жас ғалымдар үшін де берері көп. Өйткені бұл күні аға философтар жас философтардың ізденісіне баға беріп, өз ойларын ортаға салады. Тағалымды баяндамалар жасалып, отандық философияның алдағы бағыттары пысықталады. Ғылым-білімді тең игеремін деген әр азамат, философияны білуі міндетті. Сондықтан бұл пәннің маңызы қай заманда да өзекті. Ал біз философтар күнімен осы салада еңбек етіп жүрген ғылыми қызметкерлер мен студенттерді шын жүректен құттықтаймыз!

Жамбыл МЫРЗАБЕКОВ,

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,

философия кафедрасының докторанттары

Студенттік өмір – жастар өмірінде қызығы мен қиындығы қатар жүретін шақ. Осы өмірдің қайнаған шағында жастардың шынайы білім алуға ден қойғаны абзал. Уақытты тиімді пайдалану арқылы – әр түрлі іс-шараларға белсене араласып, шығармашылық қарым-қабілеттерін көрсете алады. Сонымен қатар, студенттердің тұлғалық, интеллектуалдық және азаматтық тұрғыда өсіп-жетілуі де басты роль атқаратындығы жасырын емес. Сондықтан, әр студент саналы түрде болашаққа жасалған қадамын жауапкершілікпен сезінгені абзал.



Елбасы Н. Назарбаев жастарға үнемі, тұрақты түрде қолдау көрсетіп келе жатыр. Соның бір айғағы, Елбасының биылғы Қазақстан халқына жолдауында: «Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуға тиіс. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек. Келесі жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынамын», – деп айтуы жастар саясатындағы атқаратын міндеттер мен істердің межесін де белгілеп берді.

Ақпараттық сауаттылығы мол, заманауи технологияларды жетік меңгерген, жанаша

бағытта ойлай білетін, жан-жақты әмбебап мамандарды даярлауда факультет ұжымының алдында келелі міндеттер және үлкен жауапкершілік тұр. Топтағы студенттердің тең жартысы алтын белгі иегерлері, түрлі республикалық, халықаралық байқаулардың жеңімпаздары, сондай-ақ, жеті өнерді бойына сіңіре білген оқу орнына өздерімен бірге қазақтың қасиетті домбырасын аркалап келген қазақтың қара домалақ балалары мен қылықты да тәрбиелі, өнерлі де талапты, сүйкімді де аяулы қыздары.

Біздің міндетіміз – әрбір студентпен жеке жұмыстар жүргізіп, түрлі өнер мен білімді игеруіне көмектесу, бағыт-бағдар көрсету,

олардың болашақта өзі таңдап түскен мамандығы бойынша жұмысқа орналасуына жағдай тудыруымыз қажет.

Студенттер оқу орнының қоғамдық және ғылыми өміріне де белсене араласуда. Университет көлемінде өтіп жатқан I курс студенттерін «Студенттер қатарына қабылдау» салтанатты кешіне қатысып «Студент» мәртебесін иелену, сонымен қатар факультет аясында өткізіліп жатқан іс-шаралар студенттердің белсенді қатысуынсыз өткен емес. Әйгілі тұлғалармен кездесеміз десем, олардың көпшілігі ішкен астарын жерге қояды. Олар белгілі саясаттанушы ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР әлеуметтік ғылымдар Академиясының корреспондент мүшесі Әзімбай Ғалимен кездесіп, сұхбаттасып үлгерді.

Қаз – сенбіліктер мезгілі. Сондықтан студенттеріміз университеттік және қалалық сенбіліктерге қатысу жағынан алдына жан салған жоқ, барынша еңбекқорлықтарын, табандылықтарын, жауапкершіліктерін көрсете алды. Ал жатақханадағы тәрбиелік және рухани маңызы зор іс-шараларға қатысуы да бізді қуантады. Әрбір кезекшілікте олармен жай ғана жүздесіп қана қоймай, тәрбиелік мәні бар шараларды да жүргізуді жалғастырып отырамыз. Мұның барлығы да студенттің өмір жолына дұрыс қалыптасуы мен Отансүйгіш, ұлтжанды азамат болып өсулеріне көмектеседі.

Назгүл ДЕНГЕЛЬБАЕВА,
тарих, археология және этнология факультетінің аға оқытушысы

IT-маманымен кездесу

ҚазҰУ-дың Ақпараттық технологиялар факультетінде «Relog» start-up жобасының негізін қалаушы, механика-математика факультетінің түлегі Бауыржан Рүстемовпен кездесу өтті.



жасаңыздар. Егер сіз өз жобаның көпшілік тарапынан танымалдылыққа ие болып, ұзақ уақыт қолданыста болғанын қаласаңыз, онда жобаны бүкіл әлем түсінетіндей деңгейде жасау керек. Сондай-ақ start-up жоба жасаудағы ең маңызды бөліктердің бірі – ол толыққанды тобының болуы және де олардың кәсіби әрі білікті маман болуы, жұмысты жылдам жасай білуі өте маңызды рөл атқарады», – деді компаниясының бас директоры Б. Рүстемов.

Start-up компаниясының негізгі міндеттері курьерлік, логистикалық, дистрибуторлік компанияларға өздерінің көліктерін, уақыттарын және бағыттарын дұрыс таңдауға мүмкіндік беру. Қазіргі ірі компаниялар қолдағы барын дұрыс қолданбай жатады. Аталмыш компания бұл мәселені оңай шешіп, сандық жүйені жүктеп алу арқылы шығатын шығындарын 55 пайызға дейін азайтқан. Осы бағдарламаны бүгін де еліміздің және де Ресей, Украина, Беларусь елдерінің 100-ден астам ірі компаниялар қолданады. Алдағы уақытта компания өз қызметтерін ТМД елдерінен бөлек аймақтарға да ұсынуды жоспарлап отыр.

Кездесу барысында Ақпараттық технологиялар факультетінің деканы Уалшер Тукеев болашақта ҚазҰУ-дың ақпараттық технологиялар факультеті кафедраларының филиалы «Relog» компаниясында ашылуы жоспарланып отырғандығын айтты.

Сондай-ақ кездесуде ҚазҰУ студенттері өздерін ойландырған сұрақтарын қойып, ақыл-көңестер мен start-up жобаларын дамытуда қандай маңызды мәселелерге көңіл бөлу керектігі туралы шеберлік сабақтарын алды.

Баспасөз қызметі

Үздіктердің үздігі

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті шорт-тректен Қарағанды қаласында өткен Қазақстан чемпионатында 1-орын алды.

Аталмыш чемпионатта Қазақстан қалаларынан 80-ге жуық команда қатысты.

«Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 2 курс студенті Нұрлыбек Бейсеев қостанайлық Қуандық Сүлейменов, Юртыба Даниэль мен астаналық Жолдас Дінмұхамедтен басып озып 500 метр қашықтықта бірінші болып келді.

Ал 1000 метр қашықтықта қостанайлық Қ. Сүлейменов пен астаналық Д. Жолдас және Ж. Санжарды тағы да айқын басымдылықпен озған Н. Бейсеев жеңіс тұғырынан көрінді.

Шорт-тректен 2016 жылы Еуропа кубогының 500, 1000 және 1500 метр қашықтық бойынша жеңімпазы атанған Нұрлыбек

Бейсеев шорт-трекпен кәсіби түрде сегізінші жыл айналысып келеді.

Шорт-трек конькимен жылдам жүгіретін спорт түрі, жарысқа бірнеше спортшы қатысады, олар арнайы төселген жолдар бойынша белгілі бір қашықтықта сырғанау арқылы сайысқа түседі. Жалпы шорт-трек Қарағанды қаласында 80-жылдардың ортасында дами бастаған болатын. Сол кезден бастап Шорт-тректі үйрететін «Динамо» және «Буревестник» БЖСМ (балалар-жасөспірімдер спорт мектебі) дамып, спорт мектептерінде және жалпы білім беру мекемелерінде сыныптар ашыла басталған.

Өз тілшімізден



Жалындаған жастар мерекесі

Олардың ішінен 102-ге жуық оза шапқан 1-курс студенттері аталмыш гала-концертте өз өнерлерімен көпшілік қауымға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

«1-курс таланттары» көркемөнерпаздар байқауының жеңімпаздарын АРТ орталығының директоры Ж. Сартбай, ҚР мәдениет қайраткері, студенттік «Бахыт» шоу-балетінің көркемдік жетекшісі Г. Есмұханбетова, Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директоры Ж. Есімова дипломдармен марапаттады.

«1-курс таланттары-2018» гала-концерті өз ерекшелігімен есте қалды. Дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын бұл байқау 3 бөлімнен тұрды. Оның алғашқысы – «Дәстүрлі бөлім» болса, екіншісі – «Классикалық бөлім», ал үшіншісі «Заманауи бөлім» болып жалғасты. Тиісінше, әр бөлімді «Үздік жүргізуші» номинациясын иеленген студенттер бастап, өнерпаздарды ортаға шақырып отырды. «Дәстүрлі бөлімде» жас ақындар өз өлеңдерін оқып, күміс көмей әншілер дәстүрлі әндер орындады. Ал, мың бұралған бишілер қазақ халқының, өзге халықтардың ұлттық билерін билеп, көрермен көзайымына айналды. «Классикалық бөлімде» Классикалық би мен Модерн биі көптің көңілінен шықты. Соңғы «Заманауи бөлім» гала концерттің қорытынды шоуына айналып жиналған жастарды керемет бір әсерге бөледі.

Гала-концертте өнер көрсеткен барлық студенттер көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Әсіресе физика-техникалық факультетінің студенті Нүридин Мұхтарханның баянмен орындаған «Под небом Парижа» атты керемет туындысы шында да көпшілік қауымды бір сәтке болса да Парижге апарғандай әсерде қалдырды. Ал журналистика факультетінің студенті Жамбыл Дүйсеновтің «ҚазҰУ-ыма арнау» атты шығармасы ұлттық университеттің талай таланттарды тәрбиелеп шығарғанын тағы да еске түсірді. Шынында да тарихымызда алтын әріптермен жазылып, есімдері баршамаздың санамызда жатталып қалған дара да дана тұлғаларды баптап ұшырған қарашаңырақта білім алу жас ұрпаққа керемет мүмкіндік екені ақиқат. ҚР мәдениет қайраткері, студенттік «Бахыт» шоу-балетінің көркемдік жетекшісі Галина Есмұханбетованың мың бұралған шәкірттері де гала-концертті әртүрлі бимен көркемдеп, би өнерінің асқан сұлулығы мен шеберлігін көрсетті. Биылғы «1-курс таланттары» гала-концертіңде ерекше есте сақталып жиналған үлкен-кішінің көңілінен шығып, барша қауымды әзілге қарық қылған суырып-салма ақындарымыз тарих, археология және этнология факультетінің 1-курс студенті Мұхамед-Қанапия мен журналистика факультетінің студенті Нұрбол Жауынбаев бір-бірінен қалыспай керемет айтыс өнерін сыйлады.

Жалынды да жігерлі жастар бүгінгі қоғамымыздың айнасы, еліміздің ертеңі. Елбасы Н. Назарбаев келер жылды жастар жылына арнауы бекер емес. Демек қазақ жастарының алдағы уақытта бұдан да қарқынды дамып, талай шынды, ғылым мен білімнің, өнер мен мәдениеттің биігін бағындыруға үлкен мүмкіндіктердің ашыла түсері анық. Қазақстанның гүлденуі, ол біріншіден салауатты әрі саналы жастардың көбеюі. Ендеше жарқын болашаққа тек ғана нық сеніммен қадам басып жатқан ҚазҰУ студенттері де елінің беделін асыратын айбарлы жас болып қалыптасарына біз сенеміз.

Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА,
саясаттану және саяси технологиялар факультетінің 1-курс магистранты



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Тілшілер: **Айнур АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА,**
Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында
басылды.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №1493

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.